

**Банкті банк операцияларын жүргізу лицензиясынан айырған жағдайда
кепілдік берілген өтемді төлеудің жаңа тәртібі туралы хабарлама**

Осы хабарлама арқылы Банк өз клиенттеріне – банктік шот және (немесе) банктік салым шарты жасалған жеке тұлғаларға (бұдан әрі – салымшылар) банкті барлық банк операцияларын жүргізу лицензиясынан айырған жағдайда кепілдік берілген өтемді төлеудің жаңа тәртібінің енгізілгені туралы хабарлайды.

Кепілдік берілген өтемді төлеудің жаңа тәртібі келесі салымшылар қатысында қолданылады:

(1) Банк олармен 2021 жылғы 30 сәуірден кейін банктік шот және (немесе) банктік салым шартын жасасқан, сондай-ақ

(2) олар үшін бұрын жасалған банктік шот және (немесе) банктік салым шарттарының қолданылу мерзімі 2021 жылғы 1 мамырдан бастап жаңа мерзімге ұзартылған.

Кепілдік берілген өтемді төлеудің жаңа тәртібі бойынша салымшылардың кепілдік берілген өтемді алуының екі тәсілі қарастырылады: (1) агент банкте және (2) «Қазақстанның депозиттерге кепілдік беру қоры» АҚ (бұдан әрі – ҚДКБҚ) электрондық төлемдер порталы немесе «электрондық үкімет» веб-порталы арқылы электронды нысанда. Бұл ретте кепілдік берілген өтемді төлеу мерзімі төлем басталған күннен бастап бір жылмен шектеледі.

Агент банктердің тізбесін көрсету арқылы кепілдік берілген өтемді төлеу басталатын күн, төлеу кезеңі және төлем жүргізілетін орындар жөнінде ҚДКБҚ салымшыларға банкті барлық банк операцияларын жүргізу лицензиясынан айырған күннен бастап отыз бес жұмыс күні ішінде хабарлайды.

Егер салымшылар төлем басталған күннен бастап бір жыл аяқталғанда кепілдік берілген өтемді алуға өтініш білдірмесе, онда ҚДКБҚ талап етілмеген соманы ерікті зейнтақы жарналары ретінде салымшылардың Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорындағы шоттарына аударады.

Кепілдік берілген өтемді төлеудің жаңа тәртібі туралы хабарламаның толық мәтінімен келесі сілтеме бойынша таныса аласыздар: <https://www.shinhan.kz/menu/otkrytie-raschetnogo-scheta/>.

Кепілдік берілген өтемді төлеудің жаңа тәртібі 2021 жылғы 1 мамырдан кейін барлық банк операцияларын жүргізу лицензиясынан айрылған банктердің, сондай-ақ депозиттері бойынша кепілдік берілген өтемді төлеу нақты кезеңде жүріп жатқан және олар қатысында кепілдік берілген өтемді төлеу мерзімі 2022 жылғы 1 мамырға дейін белгіленген банктердің депозиттері бойынша кепілдік берілген өтемді төлеу үшін қолданылады.

Төленетін кепілдік берілген өтемнің ең көп сомасы:

- ұлттық валютадағы жинақ салымдар (депозиттер) бойынша 15 миллион теңге;
- ұлттық валютадағы карточкалар, шоттар мен басқа да депозиттер бойынша 10 миллион теңге;
- шетел валютасындағы карточкалар, шоттар мен басқа да депозиттер бойынша 5 миллион теңге (банкті лицензиясынан айырған күнде белгіленген валюта айырбастау бағамына сәйкес баламада).

Кепілдік берілген депозиттер мәселесі бойынша, оның ішінде кепілдік берілген өтемді алу тәртібі туралы қосымша ақпаратты салымшылар 2424 нөмірі бойынша банк

мамандарына немесе 1460 телефон нөмірі арқылы тікелей ҚДКБҚ байланыс орталығына хабарласып біле алады.